

Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы  
Премьер-Министрлері Кеңесінің 1996 жылғы 5 сәуірде Ташкент қаласында  
қабылданған Шешімдері мен Келісімдерін орындау жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 31 мамыр N 668

Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы  
Премьер-Министрлері Кеңесінің 1996 жылғы 5 сәуірде Ташкент қаласында  
қабылданған Шешімдері мен Келісімдерін орындау үшін Қазақстан Республикасының  
Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен  
ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік комитетіне, Қазақстан Республикасының  
Экономика министрлігіне, Өнеркәсіп және сауда министрлігіне, Мұнай және газ  
өнеркәсібі министрлігіне, Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігіне мүдделі  
министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен, өзге де орталық атқарушы органдармен  
бірлесіп Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан  
Республикасы арасындағы 2000 жылға дейінгі Экономикалық интеграция  
бағдарламасының орындалу барысына талдау жасау жүктелсін. Экономикалық  
дамудың өзгеріп отырған жағдайларын, ынтымақтастықтың кеңең түсін ескере  
отырып Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы  
Мемлекетаралық Кеңесінің Атқарушы комитетіне 1996 жылғы 5 маусымға дейін  
неғұрлым тиімді интеграциялық жобалар пысықталып, енгізілсін.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен  
ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының  
Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Өділет  
министрлігі, Кеден комитеті Кеден одағы туралы келісімнің қағидаларына сәйкес  
Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасының  
кеден зандарын үйлестіру жөніндегі жұмысты жалғастырысын.

2. Аймақтық экономикалық интеграция проблемаларын жан-жақты зерделеу,  
сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасы мен Өзбекстан  
Республикасының мемлекеттік емес құрылымдарының, шетелдік компаниялар мен  
банктердің инвестицияларын тарту мақсатында 1996 жылдың екінші тоқсанында  
Алматы қаласында семинар-көрме өткізілсін.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен  
ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының  
Экономика министрлігі мен Өнеркәсіп және сауда министрлігі мүдделі  
министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен, өзге де орталық атқарушы органдармен

бірлесіп іс-шаралар жоспарын әзірлесін әрі семинар-көрменің өткізілетін күнін белгілесін.

### 3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1996 жылдың ішінде бюджетте көзделген қаражат шегінде Орталық Азия ынтымақтастық және даму банкінің жарғылық қорын тұзу үшін жарна сомасын аударатын болсын;

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі табыс еткен шығыстар сметасына сәйкес 1996 жылғы 1 шілдеге дейін бітімгершілік батальонын уақтылы және сапалы материалдық-техникалық қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдайлар туғызу жөніндегі жұмыстарды қаржыландыруды жүзеге асырын.

4. Қазақстан Республикасының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі, Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі, Қазақстан Республикасының баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі іс комитеті отын-энергетикалық және су ресурстарын пайдаланудағы ортақ мұddeлерді ескере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қыргыз Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы отын-энергетикалық және су ресурстарын пайдалану, Орталық Азия аймағында газ құбырларын салу, оларды пайдалану туралы Келісімнің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында:

1996 жылғы 25 маусымға дейін Орталық Азия мемлекеттерінің отын-энергетикалық кешені саласындағы экономикалық тұрғыдан негізделген электр қуатын, газ, көмір және мұнай өнімдерін Сырдария өзені бассейнінің су ресурстарын жер суландыру мақсатында неғұрлым тиімді пайдаланумен ұштастыра отырып өзара беріп тұруды ескеретін ынтымақтастық бағдарламасын әзірлейтін болсын;

Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының отын-энергетикалық кешенінде баға және тариф саясатын жуықтастыру, сондай-ақ отын-энергетикалық ресурстардың сыртқы нарығына қатысты ортақ стратегияны қалыптастыру жөніндегі мәселелерді шешуді қарастырын;

су қоймалары каскадтарында, электр станциялары мен жүйеаралық электр тарату желілеріндегі авариялық жағдайлар туралы ақпарат пен авариялық жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі өзара іс-кимылдар тәртібін әзірлесін;

авариялық жағдайларда пайдалану және жөндеу мұқтаждары үшін, қатысушы мемлекеттердің отын-энергетикалық және су шаруашылығы жүйелерінің кәсіпорындары үшін қосалқы бөлшектерді, құрал-жабдықтарды, құрылыш конструкцияларын кедергісіз және баж салығынсыз өзара әкету туралы ұсыныстар даярласын;

Нарын-Сырдария су қоймалары каскадының ұзақ мерзімді (жеті және одан да көп)

жұмыс режимі туралы жобаны, электр қуатын өзара беріп тұру графигін, сондай-ақ қатысушы мемлекеттердің аумақтары арқылы су тасымалдау жөніндегі ұсыныстарды әзірлесін;

республикалық су шаруашылығы объектілерін пайдалануға және жөндеуге жұмсалатын шығыстарды қаржыландыруға үлестік қатысудың принциптері мен тәртібін, сондай-ақ Қырғыз Республикасы мен Өзбекстан Республикасының тиісті органдарымен келісе отырып, барлық тараптар бекіткен энергия ресурстарын беріп тұру графигі мен су қоймалары каскадының жұмыс режимдерін сақтамағаны немесе олармен келісілмеген өзгерістерді енгізгені үшін өзара жауапкершілік тәртібін әзірлесін;

Қазақстан Республикасының оңтүстік облыстарын газбен жабдықтауды тұрақтандыру мақсатында Жамбыл қаласындағы КС-5 компрессор станциясы 1996 жылғы 1 қазанға дейін қайта жаңартуды аяқтасын.

5. Есірткіге бақылау жасау жөніндегі мемлекеттік комиссия Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитетімен, Ішкі істер министрлігімен, Ұлттық қауіпсіздік комитетімен, Кеден комитетімен, Денсаулық сақтау министрлігімен, Бас Прокуратурасымен келісе отырып 1996 жылғы 7 маусымға дейін ведомствоаралық жұмыс тобын құрсын және 1996 жылғы 20 маусымға дейін Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына және оларды шектен тыс қолдануға қарсы қрестегі ынтымақтастық туралы Келісімнің орындалуы жөнінде нақты іс-шараларды әзірлесін.

6. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі қатысушы мемлекеттер арасында көлік және коммуникациялар саласында келісілген саясат жүргізілуін қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Қаржы министрлігі, Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Экология және биоресурстар министрлігі, Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті 1996 жылғы 5 маусымға дейін Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасында қол қойылған:

Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасы мен Өзбекстан Республикасының БҰҰ аясындағы бітімгершілік операцияларында пайдалануға арналған бітімгершілік батальонын материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы;

жерді 1996-2000 жылдарға республикааралық жалға беру туралы; шекарадан тыс әсер жасайтын тау жыныстарының қалдықтарын сақтау аландары мен үймелерін қалпына келтіру жөніндегі бірлескен жұмыстар туралы Келісімдердің;

"Орталыққазэлектрон" трансұлттық өнеркәсіп тобын құру туралы хаттамалық Шешімнің орындалуы жөнінде қажетті шаралар қолдансын.

8. Қазақстан Республикасының, Қыргыз Республикасы мен Өзбекстан Республикасы Премьер-Министрлерінің Кеңесінің:

Қазақстан Республикасы, Қыргыз Республикасы мен Өзбекстан Республикасы Мемлекетаралық Кеңесінің Атқарушы комитетіндегі қатысуши мемлекеттің Өкілетті өкілі туралы ережені бекіткені;

қатысуши мемлекеттердің экономикалық интеграциясы, ұлттық экономикалары дамуының басым бағыттарын болжамдау проблемалары бойынша жыл сайынғы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар өткізу жөнінде ұйымдастыру комитетін құрғаны;

Қазақстан Республикасының, Қыргыз Республикасы мен Өзбекстан Республикасының Премьер-Министрлері Кеңесінің кезекті отырысын Алматы қаласында 1996 жылғы тамызға тағайындағандығы назарға алынсын.

1996 жылғы 20 шілдеге дейін Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері мен өзге де орталық атқарушы органдары Қазақстан Республикасының, Қыргыз Республикасы мен Өзбекстан Республикасының Премьер-Министрлері Кеңесінің кезекті

ottyрысының күн тәртібі мен материалдарының жобалары жөнінде ұсыныстар даярлап, енгізетін болсын.

9. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Н.Есенғаринге жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі